

**«Марат Оспанов атындағы  
Батыс Қазақстан медицина  
университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің  
2019 жылғы «24» қазандағы  
(№ 6 хаттама) шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»**

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина  
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның  
Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған  
лауазымға қабылдау бағдарламасы**

Ақтөбе қ., 2019 жыл



## 1. Жалпы ережелер

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға қабылдау бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің Қоғамның қызметі және оның даму перспективалары туралы максималды ақпарат алу тәртібін реттейді.

2. Осы бағдарламаның мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін:

- 1) Қоғамның құрылуының және қызмет етуінің негізгі кезеңдерімен;
- 2) Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесі мен Басқарманың жұмысымен;
- 3) Қоғамның ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қоғамның қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілермен таныстыруды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Осы Бағдарлама Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

4. Осы Бағдарлама осы Бағдарламаның 6-12 тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен шараларды қамтиды.

5. Корпоративтік хатшы осы Бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы Бағдарламаның өту процесінде Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне көмек көрсетеді.

## 2. Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға қабылдау бағдарламасының мазмұны

6. Қоғам туралы ақпарат:

- 1) Қоғамның даму бағдарламасы және даму жоспары;
- 2) қаржылық есептілік және өткен кезеңге ішкі және сыртқы аудиторлардың есептері, бюджет және қаржыландыру көздері;
- 3) Қоғамның жылдық есебі;
- 4) Қоғамның қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы.

7. Қоғамның корпоративтік басқару практикасы:

- 1) Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген Қоғам органдарының өзара іс-қимыл тәртібі, оның ішінде ішкі құжаттардың ережелерін іске асыру;
- 2) ақпаратты ашу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы;
- 3) Қоғамның Іскерлік этика кодексі және корпоративтік басқару мәселелері бойынша өзге де ішкі нормативтік құжаттар.

8. Қоғамның Жалғыз акционерінің рөлі:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыреті;
- 2) Қоғамның Жалғыз акционерінің шешім қабылдау рәсімі;
- 3) Жалғыз акционердің шешімі.

9. Директорлар кеңесінің рөлі:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің құзыреті;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің құрылымы

мен құрамы;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының және Корпоративтік хатшысының құзыреті;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қысқаша биографиялық деректері;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдау рәсімі, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидасы.

10. Басқарманың рөлі:

1) Қоғам Басқармасының құзыреті;

2) Қоғам Басқармасы мүшелерінің қысқаша биографиялық деректері.

11. Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің ағымдағы қызметі туралы ақпарат:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмыс жоспары;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының өткізілу рәсімін, отырыстың негізгі өтетін орнын және отырыстың орташа ұзақтығын сипаттау.

12. Қоғамның органдарын қоса алғанда Қоғаммен танысу:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің келісімі бойынша жеке кездесулер;

2) Басқарма төрағасы-Ректор және Қоғам Басқармасының мүшелерімен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерімен және қажеттілігіне қарай сыртқы сарапшылармен кездесу;

3) Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшілерімен кездесу;

4) Қоғамның Корпоративтік хатшысымен кездесу және үнемі өзара әрекеттесу;

5) Акционердің саясатымен, атап айтқанда, сыйақы беру, аудит және т.б. саясатпен танысу үшін Жалғыз акционердің өкілдерімен кездесу.

### 3. Бағдарламадан өтуді қамтамасыз ету

13. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланғаны туралы Жалғыз акционердің шешімінің көшірмесін (қағаз және/немесе электронды тасымалдауышта) алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның және оның органдарының қызметін реттейтін осы Бағдарламаның 2 – тармағы 3 – тармақшасында көрсетілген материалдарды, құжаттардың көшірмесін Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесіне беруге міндетті. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесіне қағаз немесе электронды нұсқада ұсынылатын құжаттардың тізбесі осы Бағдарламаның № 1 қосымшасында көрсетілген.

14. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері осы Бағдарламамен танысып, осы Бағдарламаның № 2 қосымшасына сәйкес «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға қабылдау бағдарламасымен танысу парағын толтыруы тиіс.

15. Қоғам Басқармасы Қоғамның корпоративтік хатшысына оның сұранысы бойынша барлық қажетті құжаттарды сұраныс алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберуге міндетті.

16. Қоғамның Корпоративтік хатшысы және қажет болған жағдайда Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелері Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне Қоғамның әрекеттегі қағидалары туралы түсінік беруге, Қоғамның лауазымдық тұлғалары және ұйымдық құрылымы, оның ішкі құжаттары мен Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісті орындауы үшін маңызы бар өзге де ақпараттарды беруге міндетті.

17. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері осы Бағдарламадан өткеннен соң Қоғамның корпоративтік хатшысына осы Бағдарламадан өткендігі туралы растау-хат жіберуі тиіс, сондай-ақ осы Бағдарламаның №3 қосымшасына сәйкес осы Бағдарламадан өту процесі туралы өзінің пікірлерін жіберуге құқылы. Мониторинг нәтижелері мен бағдарламадан өткендігі туралы пікірлер Қоғамның Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау кезінде есептелуі мүмкін.

#### **4. Бағдарламаның өту мерзімі**

18. Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланғандығы туралы Жалғыз акционердің шешімінің көшірмесін алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде осы Бағдарламадан өтеді.




«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің жаңадан  
сайланған мүшелеріне арналған лауазымға  
қабылдау бағдарламасына  
№ 1 қосымша

**Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын құжаттар тізбесі:**

№ р/с	Қажетті ақпарат	Дереккөз
1	2	3
<b>Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін</b>		
1	Қоғам туралы ақпарат.	«Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Құнды қағаздар нарығы туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, Қоғамның жарлығы, Қоғамның даму бағдарламасы, Қоғамның даму жоспары, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі, соңғы 3 жылға сыртқы және ішкі аудиторлардың есебі және т.б.
2	Қоғамның корпоративтік басқару практикасы.	Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның жарлығы, Қоғамның коммерциялық және қызметтік құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығы, Қоғамның іскерлік этика кодексі.
3	Жалғыз акционердің рөлі.	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі.
4	Директорлар кеңесінің рөлі.	Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің ағымдағы жылға жұмыс жоспары.
5	Директорлар кеңесінің құрамы.	Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің координаттарымен қысқаша биографиясы (телефоны, электронды поштасының мекенжайы), Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрамында Директорлар кеңесінің әр мүшесінің мүшелігі туралы анықтамасы.

6	Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері жауапкершілігі.	құқығы, және	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережесі, Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережесі.
7	Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстары туралы ақпарат.		Директорлар кеңесінің және оның комитеттері отырыстарының хаттамалары, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмыс жоспары.
8	Басқарманың рөлі: ұйымдық құрылымы, құзыреті, жұмыс тәртібі.		«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Қоғамның Басқарма туралы ережесі, Қоғамның ұйымдық құрылымы, Қоғам Басқармасының орналасу орны, Қоғамның телефон анықтамалығы.
9	Басқарманың құрамы.		Қоғамның Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелерінің қысқаша биографиясы, Қоғамның құрылымдық бөлімше жетекшілерінің тізімі, көрсетілген тұлғалардың координаттары (телефоны, поштасының электронды мекенжайы, кабинетінің нөмірі).
10	Органдардың құзыреті және олардың арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі.		Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі, Қоғамның Басқарма туралы ережесі, Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережесі, Қоғамның корпоративтік дауларын және мүдделер қайшылығын реттеу туралы ережесі, Қоғамның іскерлік этика кодексі.
11	Ішкі аудит қызметі.		«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережесі, Қоғамның ішкі аудит қызметінің ағымдағы жылға жұмыс жоспары, өткен жылдың есептері және т.б.
12	Ішкі аудит қызметінің жетекшісі және жұмыскерлері туралы ақпарат.		Қоғамның ішкі аудит қызметі жетекшісінің қысқаша биографиясы, Қоғамның ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің тізімі, көрсетілген тұлғалардың координаттары (телефоны, электронды поштасының мекенжайы, кабинетінің нөмірі).
13	Корпоративтік хатшы.		«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан



		Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережесі (кабинетінің нөмірі, координаттары, телефон нөмірі, электронды мекенжайы).
14	Өзге де деректер.	

*Ескерту:*

1. Құжаттар бар болған жағдайда ұсынылады, болмаған кезде құжаттар белгіленген тәртіпте олардың бекітілуіне (пайда болу) қарай қосымша ұсынылады.

2. «Қажетті ақпарат» 2 бағанының әр тармағы бойынша Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесіне Ақпараттар көзінің тиісті тарауы, нормасы көрсетіледі.

«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің жаңадан  
сайланған мүшелеріне арналған лауазымға  
қабылдау бағдарламасына  
№ 2 қосымша

### Танысу парағы

№ p/c	Қажетті ақпарат: Дереккөзі	Мәртебесі (таныстым/танысқан жоқпын)
1	2	3
1	Қоғам туралы ақпарат: «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Құнды қағаздар нарығы туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, Қоғамның жарлығы, Қоғамның даму бағдарламасы, Қоғамның даму жоспары, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі, соңғы 3 жылға сыртқы және ішкі аудиторлардың есебі және т.б.	
2	Қоғамның Корпоративтік басқару практикасы: Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның жарлығы, Қоғамның коммерциялық және қызметтік құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығы, Қоғамның іскерлік этика кодексі.	
3	Жалғыз акционердің рөлі: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі.	
4	Директорлар кеңесінің рөлі: Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің ағымдағы жылға жұмыс жоспары.	
5	Директор кеңесінің құрамы: Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің координаттарымен қысқаша биографиясы (телефоны, электронды поштасының мекенжайы), Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрамында Директорлар кеңесінің әр мүшесінің мүшелігі туралы анықтамасы.	



6	Директорлар кеңесі мүшелерінің құқығы, міндеттері және жауапкершілігі: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі, Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережесі, Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережесі.	
7	Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстары туралы ақпарат: Директорлар кеңесінің және оның комитеттері отырыстарының хаттамалары, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің жұмыс жоспары.	
8	Басқарманың рөлі: ұйымдық құрылымы, құзыреті, жұмыс тәртібі: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Қоғамның Басқарма туралы ережесі, Қоғамның ұйымдық құрылымы, Қоғам Басқармасының орналасу орны, Қоғамның телефон анықтамалығы.	
9	Басқарманың құрамы: Қоғамның Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелерінің қысқаша биографиясы, Қоғамның құрылымдық бөлімше жетекшілерінің тізімі, көрсетілген тұлғалардың координаттары (телефоны, поштасының электронды мекенжайы, кабинетінің нөмірі).	
10	Органдардың құзыреті және олардың арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі: Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі, Қоғамның Басқарма туралы ережесі, Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережесі, Қоғамның корпоративтік дауларын және мүдделер қайшылығын реттеу туралы ережесі, Қоғамның іскерлік этика кодексі.	
11	Ішкі аудит қызметі: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережесі, Қоғамның ішкі аудит қызметінің ағымдағы жылға жұмыс жоспары, өткен жылдың есептері және т.б.	
12	Ішкі аудит қызметінің жетекшісі және жұмыскерлері туралы ақпарат: Қоғамның ішкі аудит қызметі жетекшісінің қысқаша биографиясы, Қоғамның ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің тізімі, көрсетілген тұлғалардың	

	координаттары (телефоны, электронды поштасының мекенжайы, кабинетінің нөмірі).	
13	Корпоративтік хатшы: Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қоғамның жарлығы, Корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережесі, кабинетінің нөмірі, координаттары (телефон нөмірі, электронды мекенжайы).	
14	Өзге де деректер.	

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесі

---

Т.А.Ә.

Қолы, Күні

«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің жаңадан  
сайланған мүшелеріне арналған лауазымға  
қабылдау бағдарламасына  
№ 3 қосымша

### Растау хат

Мен, \_\_\_\_\_, «Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің мүшесі толық көлемде Директорлар кеңесінің жаңадан  
сайланған мүшелеріне арналған лауазымға қабылдау бағдарламасынан  
өткендігімді растаймын. Бағдарламадан өтуді ұйымдастыру бойынша  
наразылығым жоқ/ мынадай наразылықтарым бар.

Қолы

\_\_\_\_\_

Күні

\_\_\_\_\_